

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Көлік техникасы» кафедрасы

Әбдіжаппар А.Ғ.

Шымкент қаласы маңында жолбойғы жекеменшік «Тұлпар» автомобилге
техникалық қызмет көрсету станциясын ұйымдастыру


ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

мамандық 5B071300 - Көлік, көліктік техника және технологиясы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті
Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты
«Көлік техникасы» кафедрасы

ҚОРҒАУҒА РҰҚСАТ

КТ кафедра меңгерушісі
т.ғ.д., профессор
 Машеков С.А.
« 22 » 05 2019 ж.


ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС


«Шымкент қаласы маңында жолбойғы жекеменшік «Тұлпар» автомобилге
техникалық қызмет көрсету станциясын ұйымдастыру» тақырыбына

5B071300 - Көлік, көліктік техника және технологиясы
мамандығы бойынша

Орындаған

Пікір беруші



« 22 » 05 2019 ж.

Әбдіжаппар А.Ғ. 

Ғылыми жетекші

Лектор

 Канажанов А.Е.
« 22 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ә.Бүркітбаев атындағы Өнеркәсіптік инженерия институты


«Көлік техникасы» кафедрасы

5B071300 – Көлік, көліктік техника және технологиясы

БЕКІТЕМІН

КТ кафедра меңгерушісі

т.ғ.д., профессор

 Машеков С.А.

« 15 » 11 2018 ж.

Дипломдық жұмысты даярлауға

ТАПСЫРМА

Білім алушыға Әбдіжаппар Арайлым Ғаниқызы

Жұмыстың тақырыбы: Шымкент қаласы маңында жолбойғы жекеменшік

«Тұлпар» автомобилге техникалық қызмет көрсету станциясын ұйымдастыру

Университеттің №1252-б «11» қараша 2018 ж. бұйырығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі

« » 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы мәліметтері: Диплом жұмысын жазуға деп
дипломдық практика кезінде жиган кәсіпорынның өндірістік-техникалық
базасы және ондағы өндіріс технологиясы мен өндірісті ұйымдастыру жайлы
материал

Есеп-түсініктеме жазбаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі мен қысқаша диплом жұмысының мазмұны:

1.Талдамалық бөлім. АКК сипаттамасы және оған талдау жасап, баға беру.

Тақырып бойынша әдеби шолу. Тақырыптың дәйектемесі.

2.Жобалық бөлім. АКК-ны технологиялық есептеу және оның жылдық өндірістік бағдарламасын құру. АКК өндіріс аймағы мен учаскесінің (цехының, бекетінің) технологиялық жоспарламасын жасау.

3.Конструкторлық бөлім. Тақырып бойынша патенттік ізденіс. АКК-ны техникалық жарату жабдығын (аспабын, жарағын, сайманын, стендісін және т.б. құралын) конструкциялау. Конструкцияның басты-басты технологиялық параметрін дәйектеп, беріктігін есептеу.

4.Технологиялық бөлім. Автомобилге ТД қою, ТҚ көрсету және АЖ жүргізу технологиясын жасақтау. Техникалық құралын тандау және технологиялық үдерісін есептеу.

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген): АКК бас жоспары, АКК өндіріс аймағының және оның бөлімшесінің жоспарламасы, ұсынып отырған конструкцияның жалпы көрінісі және құрастырмалық сызбасы мен бөлшегінің жұмыстық сызбасы, автокөлікке ТД кою, ТҚ көрсету және АЖ жүргізу технологиялық картасы.

Ұсынылған негізгі әдебиеттер тізімі:


1. Афанасьев Л.Л., Колясницкий Б.С., Маслов А.А. «Гаражи и станции технического обслуживания автомобилей». М: Транспорт 1969г. 360с.
2. Авдотин Ф.Н. «Теоретические основы технической эксплуатации автомобилей» М: Транспорт 1985г. 215с.
3. Говорущенко Н.Я., «Техническая эксплуатация автомобилей» Киев: Высшая школа 1983г. 207с.


Дипломдық жұмысты даярлау


КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Талдамалық бөлім	08.01-26.02	
Жобалық бөлім	28.02-16.03	
Конструкторлық бөлім	18.03-30.04	

Аяқталған дипломдық жұмыстың және оларға қатысты диплом жұмысының бөлімдерінің кеңесшілері мен қалып бақылаушының қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілер (аты-жөні, тегі, ғылыми дәрежесі, атағы)	Қолтаңба қойылған мерзімі	Қолы
Қалып бақылаушы	Козбагаров Р.А. т.ғ.к., сениор-лектор	20.05.18 ж.	

Ғылыми жетекшісі  Канажанов А.Е.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Әбдіжаппар А.Ғ.

Күні «13» 11 2018 ж.

АҢДАТПА

Дипломдық жұмыста жолбойғы жекеменшік «Тұлпар» автомобилге техникалық қызмет көрсету стансасы тәулігіне 5 автомобилге қызмет көрсету мәліметтері ұсынылып отыр.

АТҚС-ның жылдық жұмыс көлемін есептеу, өндірістік жұмысшылардың санын мен кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасының (ӨТБ) Бас жоспарын және автомобил амортизаторының техникалық күйін тексеру стендісінің жобасын мен осы күнгі конструкциясына шолу жүргізілген. Сонымен қатар амортизатор бекіткіш бекітпені маршруттық-технологиялық жасаудың картасы мен конструкторлық жасалымның экономикалық есебі қарастырылған.

Жобалау және техникалық қызмет көрсету мен жөндеу процесстерін басқару туралы қарастырылған.

Қорытындысында жұмысты орындаған сәттегі пайдаланылған әдебиеттер тізімі көрсетілген.

АННОТАЦИЯ

В данной дипломной работе разработана работа частной придорожной станции технического обслуживания автомобилей «Тулпар» с мощностью 5 автомобилей в сутки.

Проведен технологический расчет анализ затрат, экономический СТОА ежегодного расчета объема работ, количество производственных рабочих и производственно-техническая база генерального плана и конструкция стенд для проверки амортизаторов. Предоставлено маршрутно-технологическая карта технология изготовление крепление для устанновки амортизаторов и расчет конструкторской разработкой работы.

Произведена проектирование и управление процессами технического обслуживания и ремонта автомобилей.

В заключении приводится литература, использованная при выполнении данной работы.

ANNOTATION

In this thesis work performed designed for private roadside service station "Түлпар" cars with a capacity of 5 cars per day.

Spend technological calculation cost analysis, economic STOA annual calculation of the amount of work, the number of production workers and production and technical base of the master plan and design of the stand for check of shock-absorbers. Courtesy route-routing technology for the manufacture of fastening and calculation absorbers ustonanovki razrobotke design work.

Produced design and management processes of maintenance and repair of vehicles.

In conclusion, given the literature, used in carrying out this work.

КІРІСПЕ

Өнеркәсіптің бірнеше түрлері еліміздің өркендеуіне, экономиканың көтерілуіне, халықтың әл-ауқаты жоғарлауына әсерін тигізді. Соңғы он жылдықта қалалық тұрғындары 10-12% -ға көтерілді. Ал қазіргі таңда еліміздің халқы 50% -ды құрайды. Егер қалалық типтегі елді мекендердің сандық өсуіне көңіл бөлетін болсақ, онда болашақта 60%- да жетуіміз мүмкін. Автомобиль транспортының дамуы жылдамдықтың ұлғаюы мен қозғалыстың қауіпсіздігінің жоғарлауы заманауи автосервистік организациясы мен техникалық қызмет көрсету орталықтарын құру қажеттілігі туады. Техникалық қызмет көрсетудің міндетіне автомобильдің дұрыстығына сенімділік, жұмыс істеу уақытының ұзақтығы және жөндеу мен күту жұмыстарының техникалық сауатты орындауы кіреді.

Автомобиль ([гр.](#) *αὐτο* — өздігінен және [лат.](#) *mobilis* — қозғалушы) немесе машина, өздігінен қозғалатын, жолаушыларды, сондай-ақ өз қозғалтқышын немесе моторын тасымалдауға арналған, моторлы және дөңгелекті көлік түрі. ХХІ ғасырда автомобиль негізгі технологиялық құрал есебінде саналады. Жүздеген миллион тонна жүк, миллиондаған адам, т.б. жүктер автомобильдермен тасымалданады. Барлық алдыңғы қатардағы мемлекеттер өте тиімді саналатын автомобильдер шығарумен айналасады. Олар дарынды адамдардың бірнеше ұрпақтарының ғылыми ізденісі нәтижесінде шығарылуда. Автомобильдердің республика үшін ерекше маңыздылығы Қазақстанның кең байтақ аумағы және халық тығыздығының сиректігі алдын ала анықтайды. Бұл жекелеген өңірлер үшін жүктерді және жолаушыларды жеткізудің бірден-бір құралы болып табылады.

Техникалық қызмет көрсету деңгейі мен жөндеуін келесі факторлар арқылы анықталады: транспорттық құралдың техникалық жағдайы; заманауи технологиясы; технологиялық құралдың қолдану деңгейі; қосалқы бөліктердің жеткізілімі; профессионалды дайындалуының деңгейі, сонымен қатар техникалық қызметкерлердің тәжірбиесі мен деңгейі; құрылыс — технологиялық құрылыстық ерекшеліктері. Қазіргі таңда автомобиль атқаратын қызметі, техникалық сипаттамасы, бағасы және басқа да өзгешеліктері бар көп мөлшерде автомобиль модельдері кездеседі. Оның негізгі себебтерінің бірі автомобиль өндіруші фирмаларының арасындағы бақталастық болып табылады. Автомобиль өндірушілері әлеуетті сатып алушыларды өзіне тарту мақсатымен жеке тұтынушылар топтарының талаптарын барынша қанағаттандыратын өнім ұсынуға, автомобильдің пайдалы әсер ету коэффициентін көбейте тұра қоршаған ортаға зиянын азайтуға, жүргізуші және жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, автомобильді қолдануды жеңілдету және де құрылысына ең озат техникалық шешімдер еңгізілген жаңа модельдер жасап шығару уақытын қысқартуға

тырысады. Бұл ретте қазіргі автомобильдер экономикалық, экологиялық және әлеуметтік себептермен анықталатын жалпы заңдарға қарай жетілдіріледі.

1 Бағдарламалық есептеу бөлімі. «Тұлпар» жолбойғы АТҚС-ын технологиялық есептеу және жылдық бағдарламасын жасау

1.1 Жолбойғы «Тұлпар» автомобильге техникалық қызмет көрсету станса жұмысына талдау

Берілген жұмыстың мақсаты сенімділікті сақтау және автомобильдің дұрыстығын үшін арналған техникалық қызмет көрсету орталығын жобалау, жұмыс істеу уақытының ұзақтығы және қажетті жөндеу мен күту жұмыстарының орындалуы сонында тасымалдау жылдамдығының жоғарлауына және қозғалыстың қауіпсіздігінің ұлғаюына әкеледі.

Техникалық прогресс, өмірлік деңгейінің көтерілуі, автомобильдің иелерінің талаптарының өсуі мен бұрынғы тәжірбиелік әдеттерін ығыстыруы сонымен қатар жүргізушінің өзіне техникалық қызмет көрсетуі және автомобильді тексеруі мен күтуі.

Квалификацияның жетіспеушілігінен автомобильдердің иелері техникалық қызмет көрсету орталығынан барлық жаңа қызметтерді талап етеді. Жалпы кеңейту күту жайлы көрсету және ақаулығын анықтау мен жою техникалық қызмет көрсету орталығының міндеті болып табылады.

Елдің автосервиске қажеттілігі мынандай факторлар әсер етеді: жеңіл автомобильдердің паркісінің қарқындылығының өсуі, конструкторлық ерекшеліктері, қызметінің уақыты мен орташа жылдық жорығының мөлшері.

ТҚКО қуатын дәлелдеу мақсатында, автомобильдердің тоқтап қалуы ерекше жиі кездеседі, Алматы облысының МАИ автомобильдердің диагностикалық орталығы туралы талдамалық мәліметтер жүргізілген. Талдамалық мәліметте жеңіл автомобильдерде айтарлықтай жоғары улағыштық пайдаланылған газдар бар екендігін көрсетілді. Пайдаланылған газдардағы көміртегі оксиді (СО) мен көміртек сутегі (СН)зияндығы едәуір жоғары екендігі мәлім. Пайдаланылған газдың құрамындағы СО мен СН азайту мақсатында қозғалтқышты жылытып, бос жүріс кезінде СО мен СН шығуы туралы зерттеу жүргізілді. Объект ретінде ВАЗ-2103 қозғалтқышын қоректендіру жүйесінің құрылғысы, майлау, суыту, реттеуші құралдармен сынауға алдық. Тәжірибе жүргізгенде керекті жылу режимін сақтап тұру үшін қозғалтқыштың радиаторы су кұйылған ыдыста орнатылған. Тұңшықтырғышты (глушитель) ұзындығы 10 метр болатын сыртқа шығаратын құбырмен алмастырылған. Жанармай ретінде АИ – 92 бензині қолданылады. Майлау жүйесі барлық маусымдық маймен М-63 10Г₁ толдырылды.

Суыту жүйесі дистилденген сумен толтырылады. Барлық тәжірибеде А17ДВ сериялы тұтандыру білтесі қолданылды және тұтандыру қоректендіру жүйесі штаттық электроқұрылғысымен жүзеге асты.

Зерттеу жүргізілген кезде үш тұтандыру жүйесіне байланысты таңдап алынды, соның біреуі энергияны жинау сыйымдылығымен тұтандыру жүйесі, ал екеуі энергияны жинау индукциясымен тұтандыру жүйесі болып табылады. Бұл жүйелердің шартты белгіленуі мынандай: СЗ-1, СЗ-2 и СЗ-3.

СЗ-1 – энергияны жинау сыйымдылығымен тұтандыру жүйесі териистерлі түйіспе коммутатордан және 5-117 тұтандыру катушкасынан тұрады. Бұл схема $\tau_{\phi} - 55_{\text{мкс}}$ қамтамасыз етеді.

СЗ-2 – классикалық тұтандыру жүйесі батареялық түрі, өндіруші зауыт зерттеуші қозғалтқышқа орнатылады. Бос жүріс кезінде қозғалқыштың жұмыс істеуі $\tau_{\phi} - 75_{\text{мкс}}$.

СЗ-3 – транзисторлы- түйіспе тұтандыру жүйесі алдыңғы құламалық фронт екінші жүктемемен $\tau_{\phi} - 150_{\text{мкс}}$ сипатталады және индуктивтілік энергияның фазалық разрядының ұлғаюы. Бұл жүйе транзисторлы камутатордан ТК-102 және тұтандыру катушкадан Б-114 тұрады.

Бос жүріс режимінде жұмыс істегенде максималды температураның деңгейі төмен және бай қоспа болғандықтан азот қышқылының концентрациясы өте аз. Сондықтан улағыштықтың құрамындағы СО мен СН-пен бағаланады. Алматы облысы МАИ транспорттық құралдың диагностикалық орталығында автомобильдің техникалық күйін 12 айлық жұмыс істеу тізімдеме есебінің тексерісі келесі кестеде берілген.

1.1 Кесте – Автомобильдің техникалық күйінің улау түріне қарай таралуы

	Техникалық күйі	Көліктік құралдың түрі					
		Жүк авто-рі	Автобустар	Микро- автобустар	Жеңіл ГОС авто-рі	Жеңіл жеке авто-рі	Барлығы
1	Тексеретін транспорттық құралдардың саны	6967	8306	1656	4606	9697	31238
2	Дөңгелектердің бір осіне жоғарлатылған түзу емес тежегіштік күш	841	439	80	300	731	2391
3	Салыстырмалы жеткіліксіз тежегіштік күш	8	3	16	57	1258	1342
4	Тұрып тұрған тежегіштің жеткіліксіз нәтижелілігі	341	336	101	523	1468	2763
5	Тежегіштік жетектің герметикалық бүлінуі	422	155	5	27	40	649

6	Тежегіштік жүйенің және бөлшектің механикалық бұзылуы	127	92	15	121	574	929
7	Рульдік дөңгелектегі люфтінің жоғарлатылған соммарлығы	17	7	25	60	135	244
8	Рульдік басқару бөлшегінің механикалық бұзылуы	665	492	103	703	2012	3972
9	Дөңгелекті сенімсіз бекіткіші	33	44	2	16	30	125
10	Транспорттық құралдың шина моделінің сәйкес келмеуі	163	62	11	99	253	588
11	Фардың реттеулігінің бұзылуы, стандарттың талабына байланысты сәйкес келмеуі	856	592	74	300	1224	3046

1.1 кестенің жалғасы

12	Сыртқы жарықтандыру құралдары мен жарықтың шашырауының стандартқа сәйкес келмеуі	822	671	84	576	1362	3515
13	Тазалаудың, жуу мен алдыңғы әйнектің жылытуының ақаулығы	375	209	24	151	345	1104
14	Улағыштықтың жоғарлығы	223	256	36	249	713	1477
15	Пайдаланылған газдың түтіндеуінің жоғарлығы	28	14	2	1	2	47
16	Сенімсіз бекітілуі немесе карданды біліктің механикалық бұзылуы	642	395	29	228	498	1792
17	Жанармай жүйесінің герметикалық бұзылуы	43	40	31	140	212	466
18	Спидометрдің ақаулығы	139	96	17	138	12	402
19	Іліністің, есіктің құлыптарының, сигнал дыбысының, жүргізушінің орнының реттеу механизмінің, шынжырлы күштік құрылғының ақаулығы	268	264	64	292	787	1675
20	Артқы көріністің әйнегінің, қауіпсіздік белдігінің, балшықтан сақтайтын белдемшесінің, авариялық тоқтау белгісінің, от сөндіргішінің, дәрі қобдишасының жоқтығы	1146	800	129	752	1843	4670
21	Транспорттық құралды пайдалануға тыйым салады, техникалық күйі жауап бермейді ПДД	2202	1833	973	1364	2820	9192

Көрсетіліп отырғандай тізімдемеде 100%-дық зерттеу кезінде диагностикалық орталықтан өткен 31238 автомобильді құрайды.

Оның ішінде: жүк автомобильдері 22,3% (6967);

Автобустар 26,6% (8306);

Микроавтобустар 5,3% (1656);

Мемлекеттік жеңіл автомобильдер 14,8% (4606); Жекеменшік жеңіл автомобильдер 31% (9697).

Оның ішіндегі бұзылғандар:

Тежегіш жүйесі: жүк автомобильдері 1739, барлық жүк автомобильдер ішінде 25%-ды құрайды;

Автобустар 1025, оның ішінде автобустар санынан 12,3% және барлық автомобильдерден 3,3%-ды құрайды;

Микроавтобустар 217, оның ішінде микроавтобустар санынан 13,1% және барлық автомобильдерден 0,7%-ды құрайды;

Жеңіл автомобильдер 5099, оның ішінде жеңіл (мемлекеттік және жекеменшік) автомобильдер санынан 35,6% және барлық автомобильдерден 16,3%-ды құрайды.

Жанармай жүйесі: жүк автомобильдері 43, оның ішінде жүк автомобильдер санынан 0,6% және барлық автомобильдерден 0,1 % -ды құрайды;

Автобустар 40, оның ішінде автобустар санынан 0,5% және барлық автомобильдерден 0,1% -ды құрайды;

Микроавтобустар 31, оның ішінде микроавтобустар санынан 1,9% және барлық автомобильдерден 0,1% -ды құрайды;

Жеңіл автомобильдер 352, оның ішінде жеңіл автомобильдер санынан 2,5% және барлық автомобильдерден 1,1% -ды құрайды.

Рульдік механизм: Автобустар 499, 6%-ды құрайды және 1,6% сәйкесінше.

Микроавтобустар 128, 7,7% -ды құрайды және 0,4% сәйкесінше.

Жеңіл автомобильдер 2147, 15%-ды құрайды және 0,9% сәйкесінше.

Орталықты құру үшін типтік өңдеуді қажет етеді және проектік масштабпен айырмашылық жасайды. Автомобильді техникалық қызмет көрсетуді дамыту желісін ұйымдастыру үшін жоғары дамыған технологияларды қолдануды қарастырылып отыр, сонымен қатар туыстық белгіні орнату, заманауи құрылыстық конструкцияны қолдану, құрылыстың жаңа әдістемесі мен құрылыстық материалдарды пайдалану, техникалық қызмет көрсету орталығының белгіленген орны мен жолдық желі құрылымымен жалғастыру және өңдеудің бірыңғай эстетикалық шешімін тағайындау.

1.2 Жолбойғы АТҚС-ның қуатын дәйектеу

Жолбойғы станцияның қуаттылығы шығу жолдағы автомобильдің жиілігіне, автомобильді жолдың қозғалыс қарқындылығы және АТҚС –ның арасындағы арақашықтығына байланысты болады.

Станциямен 50 км сандық автомобильдің шығу жолының арасындағы арақашықтық 1%-дың 1000 бірлігі қозғалыс қарқындылығын құрайды. Жолдағы автомобильдің берілген қозғалыс қарқындылығының шығу саны:

$$N_{cd} = N_d \Pi / 100, \quad (1.1)$$

мұндағы: N_d – автомобильдік жолдағы қозғалыс қарқындылығы (авто/тәу); Π – автомобиль жолдан шығу саны %-дың 1000 бірлікке қарқындылығы.

$$N_{cd} = 1200 \cdot 1,2 / 100 = 15 \text{ авт.}$$

Автомобильдерге қызмет көрсету саны соммарлық жолдан шығу $35 \div 45\%$ -ды құрайды.

$$N_{co} = (0,35 \div 0,45) N_{cd} \quad (1.2)$$

мұндағы: N_{co} – қызмет көрсету автомобильдердің саны.

Қызмет көрсету автомобильдердің жалпы саны, тәулік N_c бойынша жолдық техникалық қызмет көрсету станциясына келген автомобильдердің жалпы саны ТҚ және ТЖ мен жинау-жуу жұмыстары жолдық аумақтағы қозғалыс қарқындылығымен анықтаумен байланысты, яғни:

$$N_c = N_g P / 100 \quad (1.3)$$

мұндағы: P – кіру жиілігі %-ға қозғалыс қарқындылығы (жеке автомобильдер үшін $4 \div 5\%$).

$$N_c = 1200 \cdot 4 / 100 = 48 \text{ авт.}$$

Жинау-жуу жұмыстары орындалу есебі үшін кіру саны мен АТҚС-ға біркелкі еместік келуші автомобильдер $1,2 \div 1,4$ станцияға жалпы кіру саны қабылданады. Жалпы кіру санынан шамамен бөлу 70% -ы жеңіл автомобильдер құрайды.

Бұдан: $N_{cp} = 0,7 \cdot N_c, \quad (1.4)$

мұндағы: N_{cp} – жеңіл автомобильдердің кіру саны

$$N_{cp} = 48 \cdot 0,7 = 34 \text{ авт.}$$

Станцияға автомобильдің жалпы кіру саны 34 авт., оның 6 автомобиліне қызмет көрсетіліп жатыр, 8 автомобилі жинау-жуу жұмыстары жүргізіліп жатыр, ал қалғандары басқа себеппен кіріп жатыр. Жинау-жуу жұмысына кіру саны:

$$N_{сум} = 6 \cdot 1,3 = 8 \text{ авт.}$$

1.2 АТҚС-ның жылдық жұмыс көлемін есептеу

АТҚС жылдық жұмыс көлемі:

$$T = N_{\text{co}} \cdot D_{\text{раб}} \cdot t_{\text{ср}}, \quad (1.5)$$

мұндағы: $D_{\text{раб}}$ – 1 жылдағы жұмыс күндерінің саны; $t_{\text{ср}}$ – станцияға бір автомобильдің кірудегі адамның еңбек сыйымдылығы .

$$T = 6 \cdot 251 \cdot 0,5 = 7884 \text{ адам}$$

Жинау-жуу жұмыстарының жылдық көлемі:

$$T_{\text{ум}} = 8 \cdot 251 \cdot 0,3 = 1460 \text{ адам.}$$

АТҚС жұмыстарының жалпы жылдық көлемі:

$$T_o = T + T_{\text{ум}} \quad (1.6)$$

$$T_o = 7884 + 1460 = 9344 \text{ адам}$$

Жұмыс көлемін қалыптастыру үшін , станцияның бекетінде орындалуы, ТҚ мен ТЖ көлемдерін бөлуді 1.2 - кестеге толтырамыз.

1.2 Кесте – Техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жұмыстарының түрлеріне байланысты еңбексыйымдылығын бөлу.

Диагностикалық	1308,16	14
Реттеуіш	654,08	7
Майлау - құю	373,76	4
Электротехникалық	467,2	5
Қоректендіру жүйесі бойынша	380,32	3
Шашу – Құру	1680,92	18
Бекіту	4111,36	44
Шинналар	467,2	5
Барлығы:	9344	100

1.4 Өз-өзіне қызмет көрсету жұмыстарының жылдық көлемі

Көмекші жұмыстар көлемі АТҚС-ның техникалық қызмет көрсету мен жөндеу бойынша 15÷20%-ды құрайды жалпы жылдық жұмыстар көлемінен. Қосымша жұмыстарының түрлерін бөлу 1.2 – кесте бойынша жүргізіледі.

1.3 Кесте – Қосымша жұмыстарының түрлерін бөлу .

Жұмыс түрі	Еңбексыйымдылығы адам	%
Өз-зіне қызмет көрсету	934,40	50
Транспортық	186,88	10
Қабылдау, сақтау және құнды материалдарды беру	280,32	15

1.5 Өндірістік жұмысшылардың санын есептеу

Техникалық қажетті жұмысшылардың саны:

$$P_T = T_T / \Phi_T, \quad (1.7)$$

мұндағы: T_T – жылдық жұмыстың көлемі, адам; Φ_T – жұмыс уақытының жылдық фонды, адам;

Жұмыстың әр күнін 10,5 адам, яғни 1,5 ауысым деп қабылдаймыз.

$$P_T = (9344 + 1868,8) / 1700 = 4 \text{ адам.}$$

1.6 Автомобиль-орын мен бекеттің санын есептеу

Берілген ТҚ мен ТЖ жұмыстарының түрі үшін жұмыс бекетінің саны:

$$X = T_n \cdot \varphi \cdot (\Phi_n \cdot P_{cp}) \quad (1.8)$$

мұндағы: T_n – адамның бекеттік жұмысының жылдық көлемі; φ – АТҚС-ға бірыңғай емес түскен автомобильдер коэффициенті; Φ_n – бекеттік жұмыс уақытының жылдық фонды, адам; P_{cp} – жұмысшылардың орташа саны, яғни бекетте бір уақытта жұмыс істеушілер. Бекеттік жұмыс уақытының жылдық фонды:

$$\Phi_n = D_{\text{раб-ч}} + T_{\text{см}} \cdot c \cdot 8 \quad (1.9)$$

мұндағы: $D_{\text{раб-ч}}$ – техникалық қызмет көрсету станциясының бір жылдағы жұмыс күндері; $T_{\text{см}}$ – ауысымның ұзақтығы, адам; c – ауысым саны;

□□ 0.9 бекет жұмыс уақытының пайдалану коэффициенті

ТО мен ТЖ 1 бекетіндегі жұмысшының орташа санын 1,5 -тен ÷ 2,5 сағ дейін қабылдаймыз. $\Phi_n = 251 \cdot 7 \cdot 1,5 \cdot 0,9 = 3449,2$ (сағ).

Бұдан жұмысшы бекеттің санын аламыз

$$X = (7884 \cdot 1,5) / (3449,2 \cdot 2) = 2$$

Қосымша жұмысшының саны

$$P_{\text{с}}^{\text{всп}} = T_{\text{всп}} / F_{\text{эф}} \quad (1.10)$$

мұндағы: $F_{\text{эф}}$ – уақыттың нәтижелі фонды.

$$T_{\text{всп}} = (20 \div 25\%) T_{\text{общ}} = 20 \cdot 9344 / 100 = 973 \text{ адам}$$

Қосымша жұмысшының еңбексыйымдылығы.

$$P_{\text{с}}^{\text{всп}} = 973 / 1368 = 1 \text{ адам}$$

АТҚС өндірістік аймағында 1 жұмыс бекетінде автомобиль-орынға қызмет көрсетудің жалпы саны $0,5 \div 1$ құрайды.

Барлығы 2 орын, автомобиль-орын санын сақтау осының ішінен $1 \div 2$ есебінен автомобиль-орын бір жұмысшы бекетке қарастырылып отыр. Барлығы 4 орын.

Автомобиль клиенттер мен станция қызметкерлер үшін тұрақты ашылуы 1 жұмысшы бекетке автомобиль-орын $0,7 \div 1$ есебінен анықталады, яғни 2 орын. Барлық тұрақтар саны 8 орынды қарастырылып отыр.

1.7 АТҚС ауданын есептеу

1.7.1 Ауданды есептеу, өндірістік ғимарат

Өндірістік ғимараттың ауданын анықтаймыз:

$$F_3 = f_a \times K_{\text{п}} \quad (1.11)$$

мұндағы: f_a – планда автомобильдің алып жатқан ауданы;

X – бекет саны; $K_{\text{п}}$ – бекетті орналастыру тығыздығының коэффициенті.

Бекеттердің бір бағытта орналасуы $K_{\text{п}} = 6 \div 7$

$$F_3 = (5,2) \cdot 6 = 120 \text{ м}^2$$

1.7.2 Қойма мен тұрақтың ауданын есептеу

Жолбойғы техникалық қызмет көрсету станциясының қосалқы бөлшектер мен материалдардың үшін қойманың ауданның ұлғайтылған нормамен жұмысшы бекетті $5 \div 7 \text{ м}^2$ есептейміз.

$F_{\text{ст}} = 14\text{м}^2$ деп қабылдаймыз.

Автомобильдер тұрағының ауданын мына формуламен анықтаймыз:

$$F_{\text{ст}} = f_a \cdot A_{\text{ст}} \cdot K_{\text{п}} \quad (1.12)$$

мұндағы: f_a – планда автомобильдің алып жатқан ауданы м^2 ; $A_{\text{ст}}$ – автомобиль-орынды сақтау саны; $K_{\text{п}} = 2,5 \div 3,0$ – автомобиль-орынды сақтау кезінде орналастыру тығыздығының коэффициенті.

$$F_{\text{ст}} = 20 \cdot 4 \cdot 3 = 240\text{м}^2.$$

1.7.3 Қосымша ғимараттың ауданын есептеу

Қосымша ғимараттардың ауданы мен құрамын СНиП 11-92-76 сәйкестігі бойынша жобаланады. Одан басқа, ОНТП АТП-СТО-80 келісім бойынша ұсақ қосалқы бөлшектер мен автомобильге керек-жарақтарды сату үшін 1000 автомобильге қызмет көрсету ғимаратының ауданын $6 \div 8 \text{ м}^2$ есебімен аламыз.

$F_{\text{пр}} = 29,2 \text{ м}^2$ деп қабылдаймыз

Клиенттерге арналған ғимараттың ауданы: $F_{\text{пк}} = 8\text{м}^2$

Тұрмыстық және қызмет ғимараттары жоспарланған шешіммен қабылданады.

2 Жобалық бөлім. «Тұлпар» АТҚС өндіріс аймағының технологиялық жоспарламасын жасау

2.1 Кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасының (ӨТБ) Бас жоспарын ірілендіріп есептеу

Есептеуді кәсіпорынның Бас жоспарын сызып, онда өндіріс нысандарын орналастыру мақсатында жүргізбекпін. Бұндай ірілендіріп технологиялық есептеуде эталондық жағдайда жұмыс істейтін кешендік АКК үшін жасақталған үлестік норманы пайдаланады. Үлестік норманы мен қарастырып отырған, пайдалану жағдайы эталондық жағдайға ұқсамайтын, нақты АКК үшін келтіру коэффициентінің көмегімен коррекциялайды, яғни үлестік көрсеткішке түзету енгізеді.

Өндірістік жұмысшы саны $N_{\text{жұмыс}}$, жұмыстық бекет саны $N_{\text{бекет}}$, өндірістік жай ауданы $F_{\text{өндір}}$, әкімшілік-тұрмыстық жай ауданы $F_{\text{әкімш}}$, автотұрақ ауданы $F_{\text{тұрақ}}$, ӨТБ аумағының ауданы $F_{\text{аумақ}}$ –ты мына формулаға салып есептейміз:

$$I = N_{\text{тіз}} \cdot N_{\text{і}} \cdot K_{\text{келі}} \quad (2.1)$$

мұндағы: I – жоғарыда аты аталған көрсеткіштің жалпы алғандағы

белгіленуі; $N_{тіз}$ – АҚК көшпелі құрамының тізім бойынша саны; N_i – АҚК көшпелі құрамының бір автомобиліне шаққандағы үлестік норма; $\Pi K_{кел\ i}$ – келтіру коэффициенттерінің көбейтіндісі.

$$N_i = N_1, N_2, \dots, N_6 \quad (2.2)$$

мұндағы: N_1 – өндірістік жұмысшы санының үлестік нормасы, адам/автомобиль; N_2 – жұмыстық бекет санының үлестік нормасы, бекет/автомобиль; N_3 – өндірістік жай ауданының үлестік нормасы, м²/автомобиль; N_4 – әкімшілік-тұрмыстық жай ауданының үлестік нормасы, м²/автомобиль; N_5 – автотұрақ ауданының үлестік нормасы, м²/автосақтау орны; N_6 – аумақ ауданының үлестік нормасы, м²/автомобиль. Өндірістік жұмысшы саны

$$N_{жұмыс} = 150 \cdot 0,32 \cdot 1,28 = 61,44 \text{ адам}$$

Жұмыстық бекет саны

$$N_{бекет} = 150 \cdot 0,10 \cdot 1,56 = 23,4 \text{ бекет}$$

Өндірістік жай ауданы

$$F_{өндіріс} = 150 \cdot 19,0 \cdot 1,49 = 4\,246,5 \text{ м}^2$$

Әкімшілік-тұрмыстық жай ауданы

$$F_{әкімш} = 150 \cdot 8,70 \cdot 1,23 = 1\,605,15 \text{ м}^2$$

Автотұрақ ауданы

$$F_{тұрақ} = 150 \cdot 37,20 \cdot 1,32 = 7\,365,6 \text{ м}^2$$

ӨТБ аумағы ауданы

$$F_{аумақ} = 150 \cdot 120,00 \cdot 1,46 = 26\,280 \text{ м}^2$$

$$\Pi K_{келі} = K_{кел1} \cdot K_{кел2} \cdot K_{кел3} \cdot K_{кел4} \cdot K_{кел5} \cdot K_{кел6} \cdot K_{кел7} \quad (2.3)$$

мұндағы: $K_{кел1}$ – көшпелі құрамның тізімдегі саны бойынша келтіру коэффициенті; $K_{кел2}$ – көшпелі құрамның типі бойынша келтіру коэффициенті; $K_{кел3}$ – көшпелі құрамда автотіркеменің бар-жоғы бойынша келтіру коэффициенті; $K_{кел4}$ – автомобильдің орташа тәуліктік жортуы бойынша келтіру коэффициенті; $K_{кел5}$ – автомобиль сақтау жағдайы бойынша

келтіру коэффициенті; Ккел6 – автомобиль пайдалану жағдайы бойынша келтіру коэффициенті; Ккел7 – табиғат-климат жағдайы бойынша келтіру коэффициенті.

Өндірістік жұмысшы санына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел1}} = 1,08 \cdot 1,00 \cdot 1,20 \cdot 0,85 \cdot 1,16 \cdot 1,00 = 1,28$$

Жұмыстық бекет санына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел2}} = 1,14 \cdot 1,00 \cdot 1,25 \cdot 0,95 \cdot 1,15 \cdot 1,00 = 1,56$$

Өндірістік жай ауданына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел3}} = 1,12 \cdot 1,00 \cdot 1,32 \cdot 0,88 \cdot 1,15 \cdot 1,00 = 1,49$$

Әкімшілік-тұрмыстық жай ауданына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел4}} = 1,14 \cdot 1,00 \cdot 1,06 \cdot 0,94 \cdot 1,08 \cdot 1,00 = 1,23$$

Автотұрақ ауданына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел5}} = 1,32 \cdot 1,00 \cdot 1,00 = 1,32$$

ӨТБ аумағы ауданына түзету енгізу коэффициенті

$$\Pi_{\text{Ккел6}} = 1,10 \cdot 1,30 \cdot 1,00 \cdot 0,96 \cdot 1,07 \cdot 1,00 = 1,46$$

2.2 Автомобильге ТҚ көрсету және АЖ жүргізу жұмысын ұйымдастыру әдісін таңдау

ТҚ және АЖ өндіріс аймағында автокөлікке КТҚ-ны прогресшіл әдіс саналатын тасқынды әдіспен механикаландырылған тасқынды технологиялық желіде, 1-ТҚ-ны мамандандырылған өтпе бекетте, 2-ТҚ-ны мамандандырылған тұйық бекетте көрсетеді, ал АЖ-ны жекелеген әмбебап тұйық бекетте жүргізеді деп қабылдадым. Бекеттер бір-біріне параллель орналасады. ТҚ бекетінде техникалық қызметті жұмыстың белгілі бір түріне маманданған шебер-бапкерлер бригадасы (агрегатшыдан, автоэлектршіден, карбюраторшыдан, майлаушыдан тұратын) көрсетеді. АЖ бекетінде жөндеу жұмысын біліктілігі шыңдалған әмбебап автослесар атқарады.

Кәсіпорында ТҚ көрсету және АЖ жүргізу алдында көшпелі құрамға техникалық диагноз қою мақсатында диагностика қызметі құрылады. Жалпылама диагноздау (Д-1) автомобильдің тартқыштық-жылдамдық қасиеті мен үнемдегіштік қасиетін анықтауға арналған тарту стендісімен, тежеуіштік

қасиетін анықтайтын тежеу стендісімен, жүріс бөлігінің геометриясын тексеруге арналған стендімен, т.б. диагнодау қондырғысымен жабдықталған арнаулы сынақ бекетінде өтетін болады.

Бір бекеттегі бірлесіп жұмыс істейтін жұмысшы санының орташа мәнін былай деп қабылдадым: КТҚ бекетінде 3...4 кісі, оның ішінде 1 адам жуу жұмысымен, қалғаны сүрту-жинау жұмысымен айналысады; 1-ТҚ бекетінде 2...3 кісі; 2-ТҚ бекетінде 3...4 кісі; АЖ бекетінде 1 адамнан; Д-1және Д-2 бекетінің әрқайсысында 2 кісіден. АЖ бекетінің кейбіреуі мынандай жұмысқа маманданады: реттеу және бөлшектеу-құрастыру жұмысы, пісіру және қаңылтыр (қауашақ) жұмысы, малярлық жұмыс, ағаш өңдеу жұмысы. Олардың тек малярлық жұмыс бекетінде ғана 1,5...2 адам, ал қалғанының әрқайсысында 1...1,5 адамнан жұмыс істейді.

2.3 АКК өндіріс аймағындағы жұмысшы санын есептеу

АКК-нің өндірістегі, яки кәсіпорынның инженерлік-техникалық қызметі құрамындағы жұмысшы санына тікелей көшпелі құрамға ТҚ көрсетіп, оны АЖ-дан өткізетін және кәсіпорынның өзіне-өзі қызмет көрсету жұмысымен айналысатын жұмысшы кіреді.

Жұмысшы санын есептегенде, оны технологиялық қажеттіктен туатын жұмысшы саны J_T және штаттағы жұмысшы саны $J_{шт}$ деп ажыратады. Технология талап ететін жұмысшы саны:

$$J_T = \frac{T_{жыл}}{\Phi_{ЖО}} \cdot 100094 \quad (2.4)$$

$J_T \approx \frac{100094}{2335} \approx 43$ адам

мұндағы $\Phi_{ж}$ – жұмыс орнының жылдық өндірістік уақыт қоры (фонд), сағ. $\Phi_{жО}$ -ны күнтізбеге қарап және АКК-ның жоспарлық мерзімдегі жұмыс режимі бойынша есептейді. Ол үшін алдымен жұмыс режимін қабылдап алу керек болады.

Сонда, жұмыс орнының жылдық уақыт қоры :

$$\Phi_{ЖО} = T_{ay} \cdot n_{ay} \cdot (D_{кк} - D_{дем} - D_{мей}) - D_{кыс} = 8 \cdot 1 \cdot (365 - 52 - 13) - 65 = 2335 \text{ сағ} \quad (2.5)$$

мұндағы T_{ay} - ауысым уақыты, сағ; n_{ay} - бір тәуліктегі ауысым саны; $D_{кк}$ - бір жылдағы күнтізбелік күн саны; $D_{дем}$ – жыл ішіндегі демалыс күн саны; $D_{мей}$ – жылдағы мейрам күн саны; $D_{кыс}$ – ауысым уақыты бір сағатқа қысқаратын сенбі күн мен мейрам алдындағы күн саны.

2.1 Кесте – Әрбір аймақ-участке бойынша қажетті жұмысшы саны

Техникалық әсер түрі	Жыл бойғы еңбексыйымдылық, адам·сағ	Жұмыс орнының жылдық уақыт қоры, сағ	Штаттағы жұмысшының жылдық уақыт қоры, сағ	Технология бойынша қажетті жұмысшы саны, адам		Штаттағы жұмысшы саны, адам	
				есеп бойынша	қабылдаған	есеп бойынша	қабылдаған
КТҚ	10 835	2 335	2 096	4,6	5	5,2	5
1-ТҚ	11 701	2 335	2 096	5,01	5	5,6	6
2-ТҚ	16 389	2 335	2 096	7,02	7	7,8	8
АЖ	38 070	2 335	2 096	16,3	16	18,2	18
АЖ ішінде: бекеттегі участкадегі	19 029	2 335	2 096	8,1	8	9,1	9
	19 041	2 335	2 096	8,2	8	9,1	9
Көмекші жұмыс Барлығы	23 099	2 335	2 096	9,9	10	11,02	11
	100 094	2 335	2 096	42,9	43	47,8	48

Өндірістегі жұмысшының штат бойынша саны:

$$J_{III} = \frac{T_{жыл}}{\Phi_{III}} = \frac{100094}{2096} \approx 48 \text{ адам} \quad (2.6)$$

Мұндағы Φ_{III} – штаттағы жұмысшының жылдық уақыт қоры, сағ.

$$\Phi_{III} = \Phi_{ЖО} - t_{ед} - t_{дс} = 2\,335 - 152 - 87 = 2\,096 \text{ сағ} \quad (2.7)$$

мұндағы $t_{ед}$ – еңбек демалысының ұзақтығы, сағ; $t_{дс}$ – дәлелді себеппен жұмыс уақытының шығын болуы, сағ.

$$t_{ед} = D_{ед} \cdot T_{ay} = 19 \cdot 8 = 152 \text{ сағ} \quad (2.8)$$

мұндағы $D_{ед}$ – еңбек демалыс күн саны, тәулік.

$$t_{дс} = 0,04 \cdot (\Phi_{ЖО} - t_{ед}) = 0,04 \cdot (2\,335 - 152) = 87 \text{ сағ} \quad (2.9)$$

2.4 ТҚ және АЖ аймағының, өндірістік цех пен участкенің жұмыс режимін белгілеу

Жұмыс режимінің ұтымды параметрін көшпелі құрамның жұмыс графигімен, яғни оның сапарда және автоқожалықта болатын уақытымен байланыстырып дәйектедім. ТҚ көрсету және жөндеу жүргізу жұмысын

автокөліктің жұмыстан бос кезінде жүргізетіні белгілі. Кәсіпорында көшпелі құрам сапарда сағат 6.00-ден 19.00-ге дейін болады екен. Сонда да болса, 2ТҚ мен АЖ-ны күндізгі ауысымда, яғни таңертеңгі сағат 8-ден кешкі 5-ке дейін атқаруды ұйғардым. Себебі, 2-ТҚ көрсету және АЖ жүргізу ұзақтығы жұмыс көлеміне сәйкес көбінесе ауысым уақытымен еселес келеді. Сонда әрбір өндірістік цех, учаске, бөлімше, қойма жұмысшылары да осы уақыт аралығында жұмыс істейтін болады. Автопарк әкімдігі жұмысты сағат 9.00де бастап, сағат 18.00-де аяқтайды деп жоспарладым.

Материалдық базасы шектеулі автопаркте жұмысты 2...3 ауысыммен ұйымдастырған жөн саналады. Соны ескеріп, КТҚ мен 1-ТҚ-ны ауысымаралық уақытта, яғни автомобиль сапардан оралғасын, түнделетіп болса да, ертеңіне жолға шыққанға шейін жүргізу керек деп санаймын.

Алғашқы автомобильдің қайтуы мен соңғы автомобильдің аттануы аралығындағы мерзім ауысымаралық уақытты білдіреді. Егер автомобильдің жолға шығуы бірқалыпты өтеді десек, онда ауысымаралық уақыт ұзақтығы:

$$T_{аау} = T_{тау} - (T_{жол} + T_{түс} - T_{шығ}) = 24 - (8 + 1 - 0,5) = 15,5 \text{ сағ} \quad (2.10)$$

мұндағы $T_{тау}$ – тәулік уақыты, сағ; $T_{жол}$ – автомобильдің жолда (на линии) болған уақыты, сағ; $T_{түс}$ – жүргізушінің жолдағы түскі үзіліс уақыты, сағ; $T_{шығ}$ – автомобильді жолға шығару ұзақтығы, сағ.

Әйткенмен, барлық автокөлік автопарктен бір мезетте аттанып, бір мезгілде оралмайды. Көшпелі құрамның автопаркке оралу уақытының ұзақтығы құрамында 100-200, 200-300, 300-400 және 500-600 дана көлігі бар кәсіпорында тиісінше 2,0; 2,5; 2,7 және 2,8 сағатқа созылатыны белгілі. Сапарға аттану (выпуск) уақытының ұзақтығы да солай.

Ендеше КТҚ мен 1-ТҚ көрсету уақыты да кешкі 5-те басталып, таңертеңгі сағат 8-де аяқталатын болады. Уақыттың соншалықты созбалаңқылығына қарамастан, кәсіпорынның инженерлік қызметі әрбір ТҚ буыны мен бригадасы үшін жұмыс уақытын 8 сағаттан асырмай, ал келесі күні жолға шығатын көлік санын қамтамасыз ету үшін демалыс кезіне кезекші бригадалар ұйымдастыратын болады. Бұндайда мезгіл-мезгіл үзіліс жасап, жұмыс күнінің әрбір 4-сағатынан кейін жұмысшының түскі не кешкітүнгі ас ішу уақытын ескереді.

«Тұлпар» АҚК-сында алтыкүндік 40-сағаттық жұмыс аптасы қабылданған. Бір жылда 366 күнтізбелік күн бар десек, менің есебім бойынша, жұмыскүн саны алтыкүндік жұмыс аптасында 302 күнге, ал демалыс күндер 64 күнге тең болады. Сондықтан онда әрбір жұмысшы күніге орта есеппен 6,667 сағ жұмыс істеуі керек. Тек демалыс күні мен мейрам күні алдында ғана жұмыс күн ұзақтығы 1 сағатқа қысқарып отырады. Сонда әрбір жұмыскердің жылдық жұмыс уақыт қоры 2 006,3 сағ құрайды.

2.5 ТҚ аймағы мен АЖ участкесіндегі бекет санын есептеу

ТҚ жұмыс көлемінің 100% -ы, ал АЖ көлемінің 50%-дан астамы бекетте орындалады. Бекеттің саны техникалық әсердің түріне, әсердің бағдарламасы мен еңбек сыйымдылығына, автомобильге диагноз қою, ТҚ көрсету және АЖ жүргізуді ұйымдастыру әдісіне, өндіріс аймағының жұмыс режиміне байланысты болады.

2.5.1 ТҚ аймағындағы өндіріс ырғағы мен бекет тактысы

ТҚ аймағындағы бекет санын анықтау үшін ондағы өндіріс ырғағы мен өндіріс тактысын есептеу керек болады. Ондай есептеу бекет жұмысын ұтымды ұйымдастыру үшін де қажет.

Өндіріс ырғағы R_i , яғни орта есеппен бір автомобильді ТҚ-ның i -ші түрінен өткізуге кеткен уақыт:

$$R_i = \frac{60 \cdot T_{ay}^{ay}}{N_{iTK}} \cdot n^{ay}, \quad \text{мин}$$

(2.11) мұндағы 60 – сағаттағы минут саны; T_{ay} – ауысым уақыты, сағ; N_{iTK}^{mjy} – бір тәуліктің ішінде көрсететін i -ші ТҚ саны, яғни ТҚ түрі бойынша тәуліктік бағдарлама, рет.

КТҚ ырғағы:

$$R_{КТК} = \frac{60 \cdot T_{ay}^{ay}}{N_{КТТ}^{117}} \cdot n^{ay} \cdot 60 \cdot 8 \cdot 1 \cdot 4,1 \quad \text{мин} \quad (2.11a)$$

1-ТҚ

ырғағы:

$$R_{1TK} = \frac{60 \cdot T_{ay}^{ay}}{N_{1TK}^{10}} \cdot n^{ay} \cdot 60 \cdot 8 \cdot 1 \cdot 48 \quad \text{мин} \quad (2.11a)$$

2-ТҚ

ырғағы:

$$R_{2TK} = \frac{60 \cdot T_{ay}^{ay}}{N_{2TK}^3} \cdot n^{ay} \cdot 60 \cdot 8 \cdot 1 \cdot 160 \quad \text{мин}$$

(2.116)

Бекет тактысы τ_i , яки бекеттің орташа жұмысбастылық уақыты:

$$\tau_i = \frac{60 \cdot t^i \cdot t_{\delta}}{n_i} \quad \text{мин}$$

$$n_i \quad (2.12)$$

Мұндағы t_i – i -ші ТҚ еңбек сыйымдылығының бекетте орындайтын көлемі, адам · сағ; n_i – i -ші ТҚ бекетінде бірге жұмыс істейтін жұмысшы саны, адам; t_6 – автомобильді бекетке қою және бекеттен әкету уақыты, мин (автомобильдің габаритіне байланысты $t_6 = 1 \dots 3$ мин).

КТҚ көрсетудегі бекет тактысы:

$$\alpha_{КТҚ} = \frac{60 \cdot t^{КТҚ}}{n_{КТҚ}} \quad t_6 = \frac{60 \cdot 0,31}{2} = 9,15 \text{ мин} \quad (2.12a)$$

1-ТҚ көрсетудегі бекет тактысы:

$$\alpha_1 = \frac{60 \cdot t^{1ТҚ}}{n_{1ТҚ}} \quad t_6 = \frac{60 \cdot 3,57}{4} = 53,55 \text{ мин} \quad (2.12a)$$

2-ТҚ көрсетудегі бекет тактысы:

$$\alpha_2 = \frac{60 \cdot t^{2ТҚ}}{n_{2ТҚ}} \quad t_6 = \frac{60 \cdot 15,225}{6} = 152,25 \text{ мин} \quad (2.12b)$$

2.5.2 ТҚ аймағындағы бекет санын есептеу ТҚ бекетінің саны:

$$X_{КТҚ} = \frac{N}{\frac{t_{КТҚ}}{60} \cdot T_{ay} \cdot n_{ay}} = \frac{12,3}{\frac{2,99}{60} \cdot 8 \cdot 1} = 117 \text{ бекет} \quad (2.14a)$$

$$X_i = R^i \quad (2.13)$$

Бекет санын мына төмендегі формуламен де анықтауға болады (екі формуламен есептеудің нәтижесін тапқан санның дұрыс-бұрыстығын тексеру мақсатына пайдаландым).

$$X_i = \frac{\sum_{i=1}^n N_{iTKmjy}}{60 \cdot T_{ay} \cdot n_{ay}}, \text{ бекет} \quad (2.14)$$

Мұндағы $\sum_{i=1}^n N_{iTK}^{may}$ - тәуліктегі қызмет көрсететін барлық автомобильдің i -ші ТК-да тұрған уақыты, мин; $60 \cdot T_{ay} \cdot n_{ay}$ - бекеттің (біреуінің) тәуліктегі жұмыстық уақыт қоры, мин.
КТҚ бекетінің саны:

$$\frac{\sum_{i=1}^n X_{КТҚ}}{R} = 12.3 = 3 \text{ бекет} \quad (2.13a)$$

$$1\text{-ТҚ бекетінің саны: } \frac{\sum_{i=1}^n X_{1TK}}{R_{1TK}} = 59.5 = 1,17 \approx 1 \text{ бекет} \quad (2.13a)$$

$$\frac{X_{1TK}}{R_{1TK}} = \frac{48}{48}$$

2-ТҚ бекет саны (бұнда, басқалардан айырмашылығы, бекеттің жұмыс уақытын пайдалану коэффициенті η -ны ескереді. Хронометраждау көрсеткендей, $\eta = 0,85 \dots 0,90$):

$$\frac{\sum_{i=1}^n X_{2TK}}{R_{2TK}} = 155.3 = 1,14 \approx 1 \text{ бекет} \quad (2.136)$$

$$\frac{X_{2TK}}{R_{2TK}} = \frac{160}{0.85}$$

Ескерту. Егер X_{1TK} не X_{2TK} саны біреуден кем болып шықса, онда бекеттегі қызмет көрсетушілер n_{1TK} я n_{2TK} санын азайтып, есепті қайтадан шығарады.

2.5.3 АЖ аймағындағы бекет санын есептеу

АЖ аймағындағы бекет санын есептегенде, әдетте бір бекетте бірге істейтін жұмысшы санын барынша аз алады. Өйткені түзету үшін бір ғана атқарушыны қажет қылатын автомобиль мүкісі көптеп саналады.

Бекет санын есептеуде есте ұстайтын тағы бір ерекшелік – атқарушының бекеттен кетіп мезгіл-мезгіл жұмыс бабымен цехқа, қоймаға барып-қайтуына, сонысын автомобильден алып, цехқа жөндеуге түскен бөлшек, торап және агрегатты лажсыз тосып қалуға байланысты жұмыс уақыт ысырабының көп

болатындығы. Бұл сияқты уақыт шығынын жұмыс уақытын пайдалану коэффициенті η_6 -мен ескереді. Егер еңбекті ұйымдастыру кәсіпорында жолға жақсы деңгейде қойылса, онда $\eta_6 =$

0,85...0,90 деп, орташа болса - $\eta_6 = 0,80...0,85$ деп, ал бекеттегі технологиялық үдеріс және бекетті жабдықтау нашар ұйымдастырылса - $\eta_6 = 0,75...0,80$ деп алады. АЖ бекетіндегі жұмысқа іс жүзінде бірқыдыру басқа да бөлімшенің жұмысшылары қатысу қажеттігі туып тұрады. Соған байланысты ТҚ аймағындағы бекет санын есептеу үшін жалпы парк бойынша АЖ-ның еңбек сыйымдылығы $T_{аж}$ -дағы бекеттік жұмыстың үлесін жүк АКК-сы үшін 39...51 % және автобус кәсіпорны үшін 40...48 % деңгейінде қабылдайды.

Мен жобалап отырған кәсіпорын жүк АКК-сы болғандықтан, АЖ бекетіндегі жұмыстың жылдық көлемі:

$$T_{AJ}^6 = \frac{50}{100} T_{AJ}^{III} = 0,5 \cdot 38070 = 19\,035 \text{ адам} \cdot \text{сағ} \quad (2.15)$$

Осы ескертуді ескере отырып, АЖ участкесіндегі бекет санын мына формуладан табамыз:

$$X_{AJ} = \frac{T_{AJ}^6}{T_{AJ}^6} = \frac{T_{AJ}^6}{T_{AJ}^6}, \text{ бекет} \quad (2.16)$$

$\Phi_6 = \frac{Ж_6 \cdot Д_{жж}}{T_{ay} \cdot n_{ay}} = \frac{Ж_6}{T_{ay} \cdot n_{ay}}$ мұндағы $\Phi = 1,2... 1,5$ – автомобильдің бекетке түсу бірқалыпсыздық коэффициенті (парктегі автомобиль санына, оны пайдаланудың интенсивтілігіне байланысты); Φ_6 – бекеттің жылдық уақыт қоры, сағ; $Д_{жж}$ – АЖ бекеті бойынша бір жылдағы жұмыс күн саны; n_{ay} – ауысым саны; η_6 – жұмыс уақытын пайдалану коэффициенті; T_{ay} – ауысым уақыты, сағ; $Ж_6$ – бекеттегі (біреуіндегі) жұмысшы саны, кісі.

$$X_{AJ} = \frac{19035 \cdot 1,5}{300 \cdot 8 \cdot 1 \cdot 0,85 \cdot 1} = 14 \text{ бекет}$$

2.6 Технологиялық жабдық іріктеу және оған деген мұқтаждықты анықтау

Жабдықты әдетте әдебиеттен, анықтамалықтан, каталогтан, жарнамалық проспектіден, буклеттен, типтік жобадан, жабдық табелінен іздестіреді. Мен ол үшін Ресейдің ГАРО фирмасының Қазақстан базарына түсіретін автокөлікке ТҚ көрсету және оған жөндеу жүргізу жабдығы каталогын пайдаландым.

Автокөлікке ТҚ көрсету аймағын ұйымдастыру мақсатында таңдаған жабдығымды 2.2-кестеге түсірдім.

2.2 Кесте – Автомобильге ТҚ көрсету аймағының технологиялық жабдығы (ГАРО фирмасының Қазақстан базарында сататын жабдығының каталогынан алынды)

Аталуы	Шығарушы ел	Габариттік размері, мм	Моделі	Қуаты, кВт	Бағасы мың тг
Пайдаланған майды майсұңгі арқылы сорып алатын электрожетекті қондырғы (50 л)	Италия	320 x 300	305 111.000000	0,37	85
Жағармай үлестіру колонкасы (моделі 3106, едендік сорап қондырғысымен)	Ресей	340 x 340	C-367M5	0,5	545
Трансмиссия майын құятын қондырғы	Ресей	540 x 730	C-223-1	0,27	69
Рычагты-плунжерлі шприц (300 см ³)	Ресей	450 x 50	Ш1	-	1,9
Көшпелі пневматикалы майлау майын айдауыш (13 л, 40 МПа)	Италия	350 x 300	68213	-	80
Ауа компрессоры (0,16 м ³ /мин, 10 атм, ресивер 0,010 м3, 380 В)	Ресей	750 x 400	C-412M	2,2	82
Жанармай үлестіру колонкасы	Ресей	660 x 450	НАРА-28-3	0,5	418
Мотордың майлау жүйесін тазалау қондырғысы	Оңтүстік Корея	Едендік	850	0,27	444
Гидравликалық домкрат (8 т, екі плунжерлі, плунжер жүрісі 285 мм)	Ресей	200 x 140	Д-4	-	13
Мотор мен трансмиссиядағы май қысымының тестері	Тайвань	Үстелдік	КА-7548	-	9
Бензин моторы инжекторын тазалау және тексеру қондырғысы	Оңтүстік Корея	Үстелдік	500	0,2	170
Лазерлі автогеометрия тексеру стендісі	Швеция	Үстелдік	AWID	0,2	925
Дөңгелек теңгеру стендісі (380 В, 9...20дюйм, автостоп)	Ресей	1100 x 2100	ЛС1-01	0,5	269
Тежеу тиімділігін тексеретін аспап	Ресей	Үстелдік	«Эффект-02.01»	-	174
Стробоскоп (дизел моторы үшін)	Ресей	270 x 190	М-3Д /Astro D-5	0,1	17

2.2 кестенің жалғасы

Ременнің керілісін өлшейтін аспап	Ресей	Үстелдік	ППНР-100	-	69
Инжекторлы мотордың форсункасын тексеретін аспап	Ресей	Үстелдік	ДД-2110	0,1	128
Дизел мотордың форсункасын сынау аспабы	Италия	Үстелдік	470/400В	0,2	90

Карбюратор тексеретін аспап	Ресей	Үстелдік	«Карат-Комби»	0,1	140
Компрессограф (бензин моторы үшін)	Италия	400 x 530	362	-	65
Компрессограф (дизел моторы үшін)	Италия	400 x 530	363	-	70
Білте тексеру және тазарту құрылғысы	Ресей	220 x 180	Э-203	0,1	92
Түтін өлшеуіш микропроцессорлы портативті	Ресей	200 x 80	«МЕТА01МП»	0,1	101
Фараның жарығын тексеретін және реттейтін аспап (көтеру биіктігі 1560 мм)	Ресей	660 x 590	ОП	0,1	246
Автомобиль әйнегінің жарық өткізгіштігін өлшеуіш	Ресей	200 x 80	«Блик»	-	57
Ауа үлестіру колонкасы	Ресей	250 x 240	С-411М	-	94
Автомеханиктің орташа наборы	Ресей	Үстелдік	И-148М	-	15

Қажетті жабдық саны $Q_{\text{ж}}$ -ны, әдетте, АКК-ге арнап түзген технологиялық жабдық пен арнаулы әбзел табеліне қарап анықтайды. Мен оны мына формулаға салып есептедім:

$$Q_{\text{ж}} = \frac{T_{\text{ж}}}{\Phi_{\text{ж}} \cdot \text{Ж}_{\text{ж}} \cdot D_{\text{жж}} \cdot T_{\text{ay}} \cdot n_{\text{ay}} \cdot \square_{\text{ж}} \cdot \text{Ж}_{\text{ж}}}, \text{ дана} \quad (2.17)$$

мұндағы $T_{\text{ж}}$ – жұмыс тобы мен жұмыс түрі бойынша жылдық жұмыс көлемі, адам · сағ; $\Phi_{\text{ж}}$ - жабдықтың біреуінің (немесе жұмыс орнының) жылдық жұмыс уақыт қоры, сағ; $\text{Ж}_{\text{ж}}$ – жабдықпен жұмыс істеуші жұмысшы саны, кісі; $D_{\text{жж}}$ – жыл бойғы жұмыс күн саны; T_{ay} – ауысым ұзақтығы, сағ; n_{ay} - ауысым саны (коэффициенті); $\square_{\text{ж}}$ - жабдықты пайдалану (уақыт бойынша) коэффициенті (АКК үшін $\square_{\text{ж}} = 0,75...0,90$).

Мысалы, 2.1-кестедегі пайдаланған майды сорып алу қондырғысының қажетті саны:

$$Q_{\text{ж}} = \frac{5982 \times 0,25}{305 \times 7 \times 1 \times 0,75 \times 1} = 0,93 \approx 1 \text{ дана}$$

Мұндағы 5 982 – автомобильдің майлау жүйесіне ТҚ көрсету жұмысының жылдық еңбек сыйымдылығы, адам · сағ (1.3-кестені қ.); 0,25 – мотордың майлау жүйесінен майды сорып алу операциясының барлық жұмыс көлеміндегі үлесі (25% деп өзім қабылдадым).

Қалған технологиялық жабдықтың қажетті саны да осы жолмен анықталды. Нәтижесі 5-экономикалық бөлімдегі 5.1-кестеде берілді.

Осы келтірген материал негізінде 1-ТҚ аймағының жоспарламасын жасап, ондағы технологиялық жабдықтың СНиП нормативіне сәйкес жайғасу сұлбасын ДЖ-ның рәсімдемелік бөлімінің 3-парағында көрсеттім.

2.7 Өндірістік жайдың ауданын есептеу

2.7.1 ТҚ аймағы мен АЖ участкесінің ауданын есептеу

$$F = K_m \cdot (F_a \cdot X_6 + \Sigma F_{ж}), \text{ м}^2 \quad (2.18)$$

Мұндағы F – аймақ, участке, бекет, цех ауданы, м^2 (тек, бекеттің ауданын есептегенде $X_6 = 1$ деп, цех ауданын есептегенде $F_a = 0$ деп алса болды); K_t – бекет пен жабдықтың жайғасу тығыздық коэффициенті; F_a – бекетте ТҚ-да тұрған бір автомобильдің алып тұрған ауданы, м^2 ; X_6 – аймақтағы есептік бекет саны (яғни $X_{КТҚ}$, $X_{1ТҚ}$, $X_{2ТҚ}$, $X_{АЖ}$); $\Sigma F_{ж}$ – жайдағы жабдықтың барлығының алып тұрған ауданы, м^2 . K_t -ны ОНТП-01-86 нормативіне сәйкес өндірістік жайдың қандай қызметке арналғанына байланысты әдебиет көзінен [6,54-бет] таптым. F_a - ны автомобильдің ұзындығын еніне көбейтіп анықтайды. Мысалы, КамАЗ қаулы жүк автомобилінің габариті 6 675 x 2 500 x 2 400. Ендеше

$$F_a = 6\,675 \cdot 2\,500 \cdot 10^{-6} = 16,69 \text{ м}^2.$$

Бөлшектің бөліміндегі 10^{-6} мен алымындағы мм^2 -ді м^2 -ге айналдыру тұрақтысы, яғни 1м^2 -де 10^6 мм^2 бар дегенді білдіреді. КамАЗ автомобиліне КТҚ көрсету аймағының ауданы:

$$F_{КТҚ} = 4 \times (16,69 \times 9 + 16,69 \times 9 \times 0,6) = 4 \times (150,21 + 90,126) = 961,34 \text{ м}^2$$

мұндағы 9 – КТҚ бекеті саны; 0,6 – қызмет көрсету жабдығы алып жатқан ауданның автомобиль жайғасқан ауданға қатынасы [5, 68-бет]. КамАЗ автомобиліне 1-ТҚ мен 2-ТҚ көрсету аймағының ауданы:

$$F_{ТҚ} = 4 \times (16,69 \times 6 + 16,69 \times 6 \times 0,6) = 640,90 \text{ м}^2$$

КамАЗ автомобиліне АЖ жүргізу аймағының ауданы:

$$F_{АЖ} = 5 \times (16,69 \times 30) = 2\,503,5 \text{ м}^2$$

2.7.2 Технологиялық бөлімше (бекет, цех, участке) ауданын есептеу

Технологиялық бөлімшенің (бекеттің, цехтің, участкенің) ауданын табу үшін ондағы барлық жабдықтың горизонтал көлеңінің (проекция) сомалық ауданын жабдықтың жайғасу тығыздық коэффициентіне көбейтеді, яғни:

$$F_6 = K_{жт} \cdot \Sigma f_{ж}, \text{ м}^2 \quad (2.19)$$

Мұндағы $K_{жт}$ — жабдықтың жайғасу тығыздық коэффициенті (немесе өтетін жер – проход коэффициенті); $\Sigma f_{ж}$ — жабдықтың габаритін көрсететін оның горизонтал көлеңі ауданының қосындысы, м^2 .

$$\Sigma f_{ж} = f_1 + f_2 + \dots + f_n, \text{ м}^2 \quad (2.20)$$

мұндағы $f_1, f_2, \dots, f_n$ - жекелеген жабдықтың немесе бөлімше құрамындағы жекелеген участкенің алып жатқан ауданы, м^2 .

Майлау бекетінің ауданын мен мына формулаға салып есептедім:

$$F_6 = K_m \cdot (F_a + \Sigma F_{ж}), \text{ м}^2$$

$\Sigma F_{ж}$ -ны табу үшін 2.2–кестенің 3-графасындағы габарит мәнін бірбіріне көбейтіп, баған бойынша көбейтіндісін қосып шығады. Бұл сомаға үстелде тұратын (настольные) және қолға ұстап жүретін (переносные) жабдықтың, аспаптың, әбзелдің, сонысын қабырғаға іліп (настенные подвесные), төбеге асып қоятын жабдықтың алып жатқан ауданы кірмейді. Сол сияқты, мәселен, автокөтергінің немесе көтергіш платформаның, эстакаданың алып тұрған ауданы үстіндегі автомобильдің габаритінен айтарлықтай аспаса, оны $\Sigma F_{ж}$ -ға кіргізбейді. Оған, сайып келгенде, басбасына орын қажет ететін технологиялық жабдық пен үстел, верстак, стеллаж сияқты ұйымдастыру жабдығының ауданы кіреді.

$$F = 4 \cdot (4\,783\,000 \cdot 10^{-6} + 16,69) = 85,922 \approx 86 \text{ м}^2$$

мұндағы 16,69 – бекетте бір КамАЗ жүк автомобилінің алып тұрған ауданы, м^2 ; 4 783 000 – 2.1-кестенің 3-графасындағы габариттер көбейтіндісінің баған бойынша қосындысы, мм^2 ; 10^{-6} – мм^2 -ді м^2 -ге аудару тұрақтысы.

Осылайша есептеп тапқан бекет, участке, цех саны мен олардың ауданын ескере отырып, өндіріс аймағы өндірістік жайының жоспарламасын (планировка) жасадым. Сұлбасын диплом жұмысының рәсімдемелік бөлімінің 2-парағында көрсеттім.

2.7.3 Қойма жай мен көмекші жайдың ауданын есептеу

Қоймажай ауданын көшпелі құрамның 10 данасына шаққандағы үлестік аудан бойынша есептеймін. Қойма ауданы:

$$F_{\text{қой}} = 0,1 \cdot A_{\text{тіз}} \cdot F_{\text{үл}} \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot K_3 \cdot K_4 \cdot K_5, \text{ м}^2 \quad (2.21)$$

мұндағы $A_{\text{тіз}}$ – тізім бойынша АКК-дегі автомобиль саны, дана; $f_{\text{үл}}$ – 10 дана автокөлікке шаққандағы қойманың үлестік ауданы, $\text{м}^2/\text{дана}$; K_1 – көшпелі құрамның тәуліктік орташа жортуын ескеру коэффициенті; K_2 – автомашинаның технологиялық сисымды топ санын ескеру коэффициенті; K_3 – көшпелі құрамның типін ескеру коэффициенті; K_4 – жүкті үйіп жинау биіктігін ескеру коэффициенті; K_5 – көліктің пайдалану жаңдайын ескеру коэффициенті. Айналым қоры (мотор, беріліс қорабы, кардан білігі, т.б. агрегат пен торап) қоймасының ауданы

$$F_{\text{қой}} = 0,1 \cdot 150 \cdot 2,5 \cdot 0,9 \cdot 1,1 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 1,1 = 40,8 \text{ м}^2$$

Босалқы бөлшек қоймасының ауданы

$$F_{\text{қой}} = 0,1 \cdot 150 \cdot 4 \cdot 0,9 \cdot 1,1 \cdot 1,0 \cdot 1,0 \cdot 1,1 = 65,34 \text{ м}^2$$

Майлау материалы қоймасының ауданы

